

**2019 жылға арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-3) тармақшасына, 62-бабының 6-1 тармағына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қаласы  
 әкімдігінің 2019 жылғы  
 «\_\_» \_\_\_\_\_  
 № \_\_\_\_\_  
 қаулысына қосымша

**2019 жылға орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№ р/с	Орта білім беру ұйымының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Орта білім беру ұйымының атауы	Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы						
			Білім алушылардың саны				Бір оқушыға жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа (теңге)		
			Барлығы, оның ішінде:	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Қостанай қаласы	«Қостанай қаласының мектеп-бақша гимназиясы» мекемесі	64	64			15300		
2	Қостанай қаласы	«Ақ ерке и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	80			15300		
3	Қостанай қаласы	«Қостанай қаласының академиялық лицейі» мекемесі	100	28	50	22	15300	19845	23149